



● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ



Қостанайда Қытай көліктері шығады

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

China National Machinery IMP.&EXP.CORP компаниясының президенті Ванг Сю Шенг бастаған бір топ Қытай инвесторлары Қостанайдағы "СарыАрқаАвтопром" кәсіпорнында болды. Мұнда үстіміздегі жылы JAC көлігі құрастырыла бастаған еді.

Шетелдік кәсіпкерлер өндіріске қомақты қаржы салуға ниетті. Биыл тамыз айында "Группа Аллур Авто" АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев Бейжіңде алпауыт көлік компаниясымен өзара әріптестік орнату мақсатында екі ірі стратегиялық құжатқа қол қойғаны есте. Қостанайда Қытай көліктерінің құрастырыла бастауы сол келісімнің нәтижесі. Екі елдің іскерлік бай-

ланысы мұнымен шектеліп қалмақ емес. Алдағы уақытта кәсіпорын жұмысы еселене түсуі әбден мүмкін. Зауыт басшыларының айтуына қарағанда Қостанайда құрастырылған жеңіл көліктерді бірқатар шетелдерге экспорттау мәселесі де жолға қойылады.

2-бет

Суретті түсірген Бағдат ТӨЛЕБАЙ.

● ТӘРТІПТІК КЕҢЕСТЕ

Қызметтік лауазымын пайдаланып...

Гүлназым
САҒИТОВА

ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша кеңестің отырысында бірнеше мемлекеттік қызметшілер мен лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік іс қаралды.

Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Тұрақты мекенжайы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығының" директоры А.Шамурина орталықта жұмыс істеймін деген тұлғалардан сыйақы алып отырған. Сондықтан да орталық директорының іс-әрекетінде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтың белгілері анықталды. Ол Қазақстан

Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңының 13-бабының 1) тармақшасында қарастырылғандай, өздерінің мемлекеттік немесе оған теңестірілген міндеттерін атқарғаны үшін, жеке тұлғалардан ақша түрінде сыйақы қабылдады. Тәртіптік кеңес А.Шамуринаға қатысты тәртіптік істі қарап, атқаратын қызметінен босату туралы түріндегі ұсыным шығарды.

2015 жылғы 7 қарашада департамент облыстық ІІД әкімшілік полиция басқармасының жол-күзет қызметі қызметкерлерімен бірлесе отырып, Қостанай қаласында алдын алу шарасын өткізген-ді. Осы шара барысында мемлекеттік қызметшілердің қызмет автокөлігін өзінің жеке басына пайдаланатындығы жөніндегі фактілер анықталды.

2-бет

Баспасөз — 2016

"Қостанай таңы" — сенің газетің

оған 2015 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Сейсенбі, сәрсенбі күндері 12 беттен, жұмада екі рет 16 бет, екі рет "Ақшам" қосымшасымен 24 бет болып шығады. Сәрсенбі, жұма күндері басылым түрлі-түсті болып басылады.

"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы:

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

1 жылға — 5000 теңге, 6 айға — 2500 теңге.

— жеке оқырмандарға:

1 жылға — 4200 теңге, 6 айға — 2100 теңге.

— Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

1 жылға — 3900 теңге, 6 айға — 1950 теңге.

"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бөлімшелерінде және аймақтық "Қостанайские новости" газеті редакциясы-

ның баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

Қостанай қаласы бойынша газеттің индексі:

— жеке оқырмандар үшін — 54626

— зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін — 54627

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін — 54625

Лисаков, Арқалық, Жітіқара, Рудный қалалары бойынша газеттің индексі:

— жеке оқырмандар үшін — 54679

— зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін — 54680

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін — 54678

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

— жеке оқырмандар үшін — 54752

— зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін — 54753

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін — 54751.

● Оқырман назарына

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған дәріс өтеді

Ағымдағы жылдың наурыз айында Қостанай облысы әкімдігінің мұрағаттар және құжаттама басқармасының бастамасымен 2015 жылғы мерейтой күндеріне арналған көпшілік үшін дәрістер қатары ашылды.

2015 жылғы 9 желтоқсанда сағат 11-00-де Достық үйінде (Алтынсарин көш., 115) «Қазақ хандығының 550 жылдығы: Ұлы даланың тарихы» атты кезекті көпшілікке арналған дәріс өтеді, дәрісімен ҚМПИ шетелдік байланыстар және ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Еркін Аманжолұлы Әбіл шығады.

Сондай-ақ, қатысушылардың назарына осы күннің республика, Қостанай өңірінде мерекеленуін көрсететін және мұрағат құжаттары бойынша дайындалған «Қазақ хандығының 550 жылдығы» фотоқұжаттық көрмесі, мерейтой күніне арналған, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы дайындаған, құрамына Қазақстан суретшілерінің шығармалары енген «Бір шаңырақ астында» көрмесі ұсынылады.

Барлық тілек білдірушілер шақырылады.

Байланыс телефондары: 8 (7142) 535774, 536870, 543575.

Білімнің қайнар бұлағы



Гүлназым САФИТОВА

Қазіргі кезде мультимедиалық технологияның, сан түрлі ақпараттың жан-жақтан ағылуынан жаныңа жақын, рухани күш беретін кітап сәл де болса тасада қалған секілді. Алайда, жақсы кітап оқысаң, бейнебір өміріңнің жаңа бір кезеңін ашып, ойыңа ой қосылып, тағылым-тәрбие аласың. Ал, кітап сыйлап, қуаныш сыйласаң тіпті керемет. Міне, осындай жақсы бір іс-шараны ҚР Тұңғыш Президенті күніне байланысты Қостанай қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектебінде «Назарбаев Зияткерлік мектептерінен Bookcrossing – саяхат» атты желілік әлеуметтік акциясы болып өтті.

– Жинаған кітаптарымызды Алтынсарин ауданындағы Свердлов орта мектебіне сыйладық. Осы тұрғыдағы акциямен кітап сүйер оқырмандарымыз етене таныс деп ойлаймыз. Себебі, «Буккроссинг» акциясын 2001 жылы Рон Хорнбекер ойлап тапты. «Буккроссинг» деген не? Ол – адам мен кітап арасындағы байланысты жақындатып, кітап оқуға шақыратын қозғалыстардың бірі. «Буккроссинг» акциясының ережесі бойынша оқыған кітабыңды қоғамдық көпшілік орынға (кафе, саябақтар т. б.) қойып, арнайы жапсырмасымен тастап кетесің. Кейін бұл кітапты тауып алған адам оқып, дәл осылай басқа оқырманның оқуына мүмкіндік береді. Тауып алынған кітапты қоқысқа тастамай, белгілі бір орынға қойып кетеді, осылайша келесі оқырманның әлгі кітапты оқуына мүмкіндік береді. Буккроссерлардың мақсаты бір – әлемді үлкен кітапханаға айналдыру.

Жаппай кітап оқу әсіресе оқушы балалардың, жасөспірім мен жастарымыздың арасында азайып кеткен қазіргі заманда «буккроссинг» қозғалысын кітап пен оқырман арасын жақындатудың тиімді жолы ретінде іс-тәжірибеге айналдырудың ешқандай артықтығы жоқ. Егер адам кітапқа қарай жүргісі келмесе, онда кітаптың өзін адамға қарай жүргізіп, оны оқырман орбитасында шыр айналдыру, адамдардың кітапқа деген ықыласын ояту, рухани мәдениетін көтеру, – деді Назарбаев зияткерлік мектебінің баспасөз маманы Абылай Қасымов.

«Оқып болсаң, досыңа бер» қағидасы негізінде ұйымдастырылған акцияға оқушылар, ұстаздар және мектепте жұмыс істейтін басқа да мамандар-қызметкерлер қатысты. Шараға қатысушылар үйлерінен көркем және ғылыми-танымдық әдебиеттермен қоса түрлі кітаптар, мысалы, сөздіктер тапсырып, тамаша топтама жинақтады. Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары Свердлов орта мектебіне өздерінің жылы лебіздерімен құттықтау тілектерін бейнеролик арқылы жеткізді. «Білім көзі – кітапта» атты бұл саяхаты жыл сайын өзінің жалғасын таппақ.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.

Қостанайда Қытай көліктері шығады



Яғни, «СарыАрқаАвтоПром» өзінің жұмыс ауқымын үш есеге дейін арттыруды көздеп отыр. Бұл туралы AllurGroup компаниясының президенті Юрий Цхай мәлімдеді.

Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов көлік бағаларының қарапайым тұрғындар үшін қолжетімді болғанын қалайтынын жасырмады. «Бағасы арзан болса, соғұрлым өтімді болады. Осы жағын қаперде ұстаған жөн», – деді өңір басшысы инвесторлармен кездесуінде. А.Мұхамбетов қытайлық кәсіпкерлерге бірқатар ұсыныстар айтып, екі жақты келісімге орай, көлік құрастыру саласын жан-жақты дамытуға кеңес берді.



Суретті түсірген Бағдат ТӨЛЕБАЙ.

Қызметтік лауазымын пайдаланып...



Мәселен, қызмет көлігін Қамысты ауданы әкімінің орынбасары Г.Ахметчин растайтын құжатсыз және іссапар куәлігінсіз жүргізді. Қазақстан Республикасы қызметшілерінің ар-намыс Кодексінің 5-тармақтың 19) тармақшасында қарастырылғандай, этикалық нормаларды бұзғаны үшін, тәртіптік кеңес Г. Ахметчинге қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту ретінде жаза салу қажеттігі жөнінде шешім қабылдап, ұсыныс жасады.

Сол секілді Қамысты аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің жетекшісі Ю. Михалевқа қатысты тәртіптік іс қаралды. Бөлім жетекшісі өзінің қызметтік лауазымын пайдаланып, «Куандық-К» ЖШС мердігерінің 473 дана су есептейтін есептеуішті (құралын) орнатпағанын біле тұра жұмыстың орындалғаны жөніндегі актіге қол қояды. Біле тұра әдейі істеп, өз бетінше ақша қаражатын аудару туралы заңсыз шешім қабылдайды. Бөлім басшысы Ю. Михалевтың іс-әрекетінде сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасалып, құқықбұзушылықтың белгілері бар деп анықталды. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңының 12-бабы 1-тармағының 4,5 тармақшаларында қарастырылғандай, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды



тұлғаларға заңсыз артықшылықты және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда заңдарда көзделмеген жәрдемді көрсетті. Тәртіптік кеңес Ю. Михалевтің кінәсінің (айыбының) ауырлығын ескере отырып, атқаратын қызметінен босату туралы ұсыныс жасады. Осы тұрғыдағы ұсыныс Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының бөлім жетекшісі Л. Ульяноваға шығарылды. Ол құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалмағандығы бар болса да жұмыс комиссиясының объектіні тексеру туралы қорытындысына оң деп қол қойып, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқықбұзушылыққа жол берді.

Өзі би, өзі төс...

Гүлназым САФИТОВА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінде өткен тәртіптік кеңестің отырысында Қостанай облысы бойынша көлік бақылауы инспекциясының құқық және өкімшілік қызмет бөлімінің жетекшісі Амалия Искаковаға қатысты тәртіптік іс қаралды.

«Қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса» деген сөз рас шығар, тәртіптік кеңестің кеңесшісі Ажар Куликованың айтуынша, көлік бақылауы инспекциясында азаматтардың

өтініш беру тәртібі туралы заңнамаларының сақталуына байланысты жүргізілген тексеріс барысында көптеген кемшіліктерді анықтады. Ал, Қостанай облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқарманың бастығы, тәртіптік кеңестің мүшесі Евгений Пархоменконың айтуынша, көлік бақылауы инспекциясына басқарманың да жүргізген тексеріс нәтижесі көрсеткендей, өкімшілік істері бойынша кемшіліктердің бетін ашты. Тексеру қорытындысы прокуратураға жіберілді.

Сонымен бірге азаматтардың өтініштеріне уақытылы жауап берілмеуімен қатар бөлім же-

текшісі төлем бойынша кімге төлем мерзімін ұзарту я кейінге қалдыру керек дегендей мәселелерді бастығымен шешіп отырған. Тексерушілер де бұл мәселелерді Амалия Искакова қай қағидаға сүйеніп, осылай шешіп отырғанын анықтай алмады. Көлік бақылауы инспекциясы басшысының мәселесі Астанаға жіберілген болса, ал, бөлім жетекшісі Амалия Искаованың тәртіптік ісі Қостанайда қаралды.

Тәртіптік ісі қаралатын тәртіптік кеңеске бөлім жетекшісі келген жоқ. Тәртіптік кеңестің мүшелері А.Искаованы бірауыздан атқаратын қызметінен босату туралы ұсыным жасады.

Экс-полиция айыпталуда

Қарлығаш ОСПАНОВА

Облыстық соттың баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, Қостанай қаласының №2 сотына 41 жастағы азаматқа қатысты қылмыстық іс түсті.

Тергеу материалдары бойынша, облыстық ПД-нің есірткі бизнесімен күрес басқармасының ерекше істер жөніндегі бөлімінің аға жедел уәкілі қызметін атқарған, полиция майоры К. 2008-2012 жылдар аралығында

Қостанай қаласында ұйымдасқан қылмыстық топқа қамқорлық жасаған. Айыпталушы ұйымдасқан қылмыстық топтың мүшесі емес. Алайда А., П., К. басқарған топтың қылмыстық әрекеттерін, сонымен қатар топ құрамын, оның басшылық бағанасын, заңсыз есірткі саудасын жүргізу әдістерін егжей-тегжейлі білген. Бұрынғы полиция қызметкері қызметтік лауазымын асыра пайдаланған, нақты ұйымдасқан топ мүшелерін қылмыстық жауапкершілікке тартпау түрінде қамқоршылық танытқан. Осылайша, К. ҚР ҚК-нің 307 бабы 4 бөлігімен (қызметтік лауазымын асыра пайдалану) қарастырылған (16.07.1997 жылғы редакцияда) қылмысты жасаған.

Осы іске қатысты сот отырысы жақын күндері өтеді.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ЖАҢА ЕҢБЕК КОДЕКСІ

кәсіподақтардың да жұмысын
жаңғыртуға жол ашты

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Елбасы бекіткен жаңа Еңбек Кодексі әлемдік дағдарыс пен экономикалық қиындықтарға қарсы тұруға ықпал етпек. Қазақстан Кәсіподақтар Федерациясы төрағасының орынбасары Павел Казанцев аймақтық баспасөз клубында өткен брифингте осылай деп мәлімдеді. Ол жұмысшы құқығын қорғайтын ұйымның алдағы жоспарларымен бөлісті. Әсіресе, ұжымдық келісім-шарт жасау ісінің барынша жүзеге асырылатындығын жеткізді.

Бұдан былай, елімізде жұмысшы құқығын қорғау мәселесі жаңа модель негізінде қалыптасады. Жуырда қабылданған Еңбек кодексіне кәсіподақ ұйымдарына бірталай ауқымды міндеттемелер жүктеліп отыр. Рас, аталған заң жобасы ел ішінде үлкен пікірталас тудырған болатын. Тіпті, көпшілігі оны жұмысшыларға қарсы жасалған дегенді айтты. Дегенмен, астаналық қонақ кәсіподақтардың Президент қол қойғанға дейін Еңбек Кодексінің жобасымен ұзақ жұмыс істеп, өңірлерден ұсыныстар жинағанын алға тартты. Көптеген ұсыныстар назарға алынған.

– Біз тікелей эфирден де, ашық алаңдардан да сөз сөйлеуге өзіміз. Еңбек кодексіне белгілі бір нормалар алынып тасталынды дегенді айтып жүр. Ешқандай нормалар алынып тасталған жоқ, кодексте барлық жағдайлар ескерілген. Жалпы, Президенттің 100 нақты қадамы, елімізде басқа да жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар әлемде болып жатқан дағдарыс жағдайларына қарсы бағытталған. Кодекс те экономикалық дағдарысқа қатысты дайындалған. Екі миллионнан астам адамның мүдделерін қорғайтын біздің Кәсіподақтар Федерациясы жаңа еңбек кодексінің жобасын әзірлеуге тікелей атсалысты. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен бірлесе заң жобасын дайындауға сындарлы жұмыс жүргізіп, оған Федерацияның мүшелік ұйымдары тарапынан 117 түзету енгізілді. Олардың қатарында еңбек заңнамасының сақталуына бақылау жасаудың кәсіподақтың міндеті болып қалуы, еңбекақының негізгі үлесі 75 пайыздан кем емес көлемде болуы, уақытынан артық, түнгі уақыттағы, мереке және демалыс күндеріндегі жұмыс үшін төленетін ақы жұмыскердің күндізгі (сағаттық) еңбекақы мөлшерінен 1,5 еседен кем болмауы, сондай-ақ, шешімі жұмыс беруші мен жұмыскер үшін бірдей міндетті болатын "өндірістік кеңес" түсінігін енгізу де бар, – дейді П.Казанцев.

Оның айтуынша, жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы қатынас ұжымдық келіссөздер арқылы құрылатын болады. Ұжымдық келісім-шарт әр еңбек ұжымының негізгі құқықтық құжатына айналады. Сондықтан да, жаңа кодексте ұжымдық келісім-шарттарға маңызды мән беріліп отыр. Кәсіподақтар өкілдері қазір оның қандай болуы тиіс екендігін кәсіпорын басшыларына түсіндіруде. Бұл ретте негізінде кәсіподақ ұйымдары жоқ шағын және орта бизнеске ерекше назар аударылып отыр. Қазақстанда бүгінде мұндай келісімдердің үлесі небәрі



33-34 пайыз деңгейде ғана екен. Казанцевтің сөзінше, шағын және орта бизнес өкілдері ұжымдық келісім-шарт жасасуға асықпайды. Ал, еңбек құқығының бұзылуы осы салада жиі тіркелетін көрінеді. Сол себепті де, кәсіподақтар бұл мәселені шешуге білек сыбана кірісетін болады.

– Біз ұжымдық келісім-шартқа қатысты жағдайлар енуі тиіс екендігін өңгімеледік. Әрине, барлығын қамту мүмкін емес. Кәсіпорындардың экономикалық жағдайы әртүрлі. Бірақ, еңбек адамын қорғаудың негізгі сәттерін шағын және орта бизнес кәсіпкерлеріне айтып жатырмыз, – дейді облыстық кәсіподақтар орталығының төрайымы Б.Ертаева.

Бүгінде еліміздегі 19 мыңдай кәсіподақ ұйымдарын қайта түгендеу шарасы басталды. Кодекске сәйкес, олар қайта оқу процесінен өтеді. Одан әрі, халыққа жаңа құжаттағы тетіктерді терең түрде насихаттау қолға алынады. Павел Казанцевтің айтуынша, болашақта әр еңбеккердің құқықтық сауаттылығы жоғары дәрежеде болады.

– Жыл сайын кәсіподақтар мүшелері үш мыңға жуық сот процестеріне қатысып, жұмыскерлердің мүддесін қорғауға атсалысады. Алдағы уақытта біз бұрынғы жоғалтып алған активтерімізді қайтарып алуға кірісеміз. Шипажайлық сауықтыру орындарын өз қарамағымызға барынша тартамыз, – дейді Казанцев.

Сондай-ақ, төраға орынбасарының сөзінше, жастар да кәсіподақ ұйымдарының дамуына атсалысады. Осы мақсатта, Қостанай облысындағы жастардың белсенділігі өзге өңірлерге үлгі болады дейді астаналық қонақ. Бір сөзбен айтқанда, кәсіподақтар мемлекетіміздегі жаңа бастамаларға үлес қосып, дағдарысқа қарсы шаралардың тиімді орындалуына белсенділік танытпақ.

Брифинг соңында Б.Ертаева таяуда Қостанай облысында кәсіподақтың қоғамдық қабылдауы ашылғанын жеткізді. Кез келген кәсіпорынның қызметкері осы жерге келіп, өз мәселесін айтуына болады.

● ЭКСПО–2017

EXPO –
Қазақстан мәртебесі

Қазір EXPO жөнінде әртүрлі пікірлер айтылып жатыр. Бірі: "Осының керегі жоқ, шаш етектен шығынға батамыз" дейді.

Енді екіншісі бөркін аспанға атып қуанады. Негізінде, бұл көрме еліміздің абыройын асқақтата алатын дүниенің бірі. Әлемдегі 160 мемлекеттің ішінен 120-сы бізге дауыс беріп, Бельгия сияқты дамыған елден озық шығуымыз біздің мәртебеміз, оған әрбір қазақ қуануы керек қой.

EXPO көрмелерінде әлемнің барлық мемлекеті өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсетеді. Мұндай іс-шараға барлық құрлықтың ондаған елінен миллиондаған адам қатысады. Осы бәсекені өткізу үшін бас қала – Астананың жеңіп шығуы бекерден бекер емес. Оған бірнеше себептер бар деп ойлаймын. Біріншіден, Елордамыздың әлемдік деңгейдегі шараны лайықты өткізе алатын орталық ретінде қалыптасқаны баршаға белгілі болды. Екіншіден, таңдаудың Қазақстан пайдасына шешілуі мемлекетіміздің табыстары жоғары бағаланғанын білдіреді және кәсіп Еуразия өңірінде оның даму келешегі кемел екенін айғақтай түседі. Үшіншіден, біздің "Болашақтың энергиясы" атты өзекті тақырыпты ұсынуымыз жеңіске жетуімізге көмектесті. Көп жылғы тарихы бар EXPO көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ, оған мүше елдердің тарихын, дәстүрі мен мәдениетін көрсету үшін өткізіледі. Бұл көрме бүкіл әлемдік қоғамдастықтың және оны тамашалаушы миллиондаған адамның назарын өзіне аудартатын ірі оқиға болып саналады.

Сонымен қатар, EXPO көрмесі экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа үрдістерін қалыптастыру алаңы қызметін атқарады.

EXPO халықаралық көрмесі Қазақстанның мәртебесін күллі әлемге паш етеді. Қазақстан Президентінің "Қазақстан – 2050" Стратегиясы, "Нұрлы жол" бағдарламасы, Бес институционалдық халықтық реформасы мемлекет игілігіне, ұлт бірлігіне бағытталған. Осылар



дың барлығында да EXPO көрмесін өз деңгейінде өткізу керектігі сөз болды. Елбасы аға ұрпақтың келер ұрпаққа дамыған инфрақұрылымды табыстауына баса мән беріп отыр. Оның ішінде, әсіресе, әлеуметтік инфрақұрылымға, яғни білім беру, ғылым, денсаулық сақтау, мәдениетке мол қаржы бөлінуде. Бұл – дамыған, қуатты елдің бағыты.

Мен Қостанай облысында өмірге келдім. EXPO тек Елордаға ғана емес, барлық өңірлеріміздің дамуына септігін тигізеді деп ойлаймын.

Әсемгүл БОРАНБАЙ,
Астана қаласының
тұрғыны.

Сарапшылардың
көмегіне жүгіндіАйбек
КӘДІРҰЛЫ

Облыстық кәсіпкерлер Палатасы "Қазақстан отын компаниясы" ЖШС-іне құны 60 млн. теңге тұратын жүк пен келісім-шарт міндеттерін орындауға жәрдемдесті.

Мемлекеттік кіріс жөніндегі департаменттің экономикалық тексеріс қызметі компанияның жалға алған жанар-жағар май таситын көлігін ұстағаннан кейін фирма өкілдері сарапшылардың көмегіне жүгінген болатын. Көлік ұстауға дизельдік отын-дарды заңсыз тасымалдаудың алдын алу шаралары себеп болған.

Департамент қызметкерлері көлікті арнайы тұраққа қойғанымен, оған тиісті процессуалдық құжаттар толтырмаған және май құятын қылтасын бекітпеген. Соның көсірінен "Қазақстан отын компаниясы" ЖШС-і он күн ішінде 60 млн. теңгелік келісім-шартты орындау үшін көлікті өз ерік-

терімен әкете алмаған.

– Біз облыстық прокуратурамен бірлесіп жағдайды шұғыл түрде шешуге әрекеттендік. Өйткені, кіріс департаментінің бұл ісі заңсыз. Оларға жүк көлігін иелеріне қайтару туралы өтініш нұсқау берілді. Ал кінәлі тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды, – дейді облыстық кәсіпкерлер Палатасы директорының орынбасары Самат Сәдуақасов.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін Палата сарапшылары транспорт инспекциясы қызметкерлерінің Науырзым ауданы мен облыс орталығындағы көліктерді заңсыз тоқтату және құжаттарын төркілеуге қатысты екі мәселеге еріксіз араласқан болатын. Сөйтіп, кінәлі лауазымды тұлғалар өз жазасын алған еді.

Жалпы, жыл басынан бері облыстық Палатаға өз құқықтарын қорғау мақсатында 136 кәсіпкер шағымданды. Соның 63-і оң нәтиже берсе, 14-і іс соттың араласуымен шешілді.

● ШАҒЫН ҚАЛАЛАР ТЫНЫСЫ

МӘСЕЛЕ – мазут пен шалғайлық

немесе Арқалықтың бүгінгі жайы қалай?

Жандос
ЖҮСІПБЕК

Өткен сенбіде Арқалық қаласының әкімі Ғ.Бекмұхамедов облыстық, республикалық БАҚ тілшілерімен баспасөз мәжілісін өткізіп, қаланың соңғы он айдағы әлеуметтік-экономикалық ахуалын баяндады.

Қазақстан бойынша 27 монокала бар болса, солардың ішіндегі әлі күнге дейін әлеуеті пәсі Жаңатас және осы Арқалық делініп келеді. Делінсе де, тіршілігі тұралап тұрған жоқ, әлеуметтік-экономикалық тынысы жылдан-жылға кеңейе түсуде. Мәліметтерге сүйенсек, осы жылы өнеркәсіп өндірісі саласында 4884,1 млн. теңгенің өнімі шығарылған. Ауылшаруашылық саласында 8 млрд. 20,5 млн. теңгенің өнімі өндірілді. Он айдағы көрсеткіш бойынша, жалпы сомасы 5525 млн. теңгені құрайтын инвестициялар тартылған. Монокалаларды дамытуға бағытталған бағдарлама аясында бірталай берекетті істер тындырылды, жалғасып та жатыр.

– Бұл бағдарлама аясында қаланың экономикалық қауһарын арттыратын 3 зәкірлік жоба жүзеге асты. Алғашқысы – «Агроптица» құс фирмасы. Бүгінде облыс деңгейінде әйгілі. Екіншісі – мал тұқымын асылдандыру нысаны. Мұнда қазіргі таңда Абердин-Ангус ІҚМ тұқымы 2 мың басқа жетіп отыр. Үшіншісі – жел электр стансасы. Ал, қаланың әуел бастан бергі әлауқаты – Торғай бокситтік кен басқармасы (ТБКБ) мен «Алюминстрой» ЖШС. Екеуінде де

Ауыл шаруашылық қызметкерлері күні аталып өтілді



Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Ауыл шаруашылық қызметкерлері күні алтын астық өсірген Арқалық қаласында да аталып өтілді. Айтулы мерекеге бүгінде түрлі салада тер төгіп жүрген еңбек майталмандары жиналды. Алдымен жиналғандардың назарына азық-түлік өнімдерінің көрмесі ұсынылды.

Салтанатты жиында дархан даланың еңбек ерлерін қала әкімі Ғ.Бекмұхамедов құттықтап, «Үштөбе» ауылындағы атақты диқан, «Асар-1» жеке шаруашылығының басшысы Н.Поспеловке ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасын тапсырды.

Облыс, қала әкімдерінің де мадақтамалары да иелерін көптеп тауып жатты. Іс-шара мерекелік концертке ұласып, өнер тарландары ән-жырдан шашу шашты.

Арқалық қаласы.



СУРЕТТЕРДЕ: салтанаттан көріністер.

мыңға тарта адам жұмыс істейді, – дейді Ғ.Бекмұхамедов.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында да алға қарай алымды адымдар жасалуда. Осыған дейінгілерді есепке алмағанда, тағы екі ірі жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Біріншісі – қуаттылығы 531 мың тоннаға тең «Ақжал» кен орнының нефритоидтарын өңдеумен айналысатын «Ақ-Тас СК» ЖШС. Құны – 1 млрд. 858 млн. теңге. 2018 жылы іске қосылмақ бұл өндіріс орны 88 адамды жұмыспен қамтиды деп көзделуде. Ал, екіншісі – отқа төзімді заттарды өндіретін зауыт – «Огнеупорхимстрой» ЖШС. Қуаттылығы 48 000 тонна болатын жобаның іске асу мерзімі – 2017 жыл. Құны – 900 млн. теңге. Сондай-ақ Ғ.Бекмұхамедов таяу келешекте вагондар жөндеу депосының құрылысы басталатынын айтып өтті. Бұл туралы қала әкімі рудныйлық бизнесшілермен келісім жасасып қойыпты. Облыстың оңтүстік өңірлерінде алғаш рет мал сою нүктесі салынып жатыр. Құрылысымен «Бикен» шаруа қожалығы айналысуда. Нысан өнімділігі күніне 5 тоннаға дейін жетеді деп жоспарлануда.

Тың тыныс әкелген тағы бір жаңалық – Арқалық-Шұбаркөл арасындағы темір жолдың салынуы. Тұйықтағы қаланың қатынас мүмкіндігі кеңейді. Тіпті, нәтижесінде, жаңадан желілік элеватор және көмір тасымалы тұйығы ашылды. Мұның үстіне, «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы «Астана-батыс», яғни «Астана-Арқалық-Торғай-Ырғыз» тас жолын төсеу қолға

алынады. Бұны да әкім өз сөзінде «өмірлік қажеттілік» деп бағалап өтті.

Арқалыққа қатысты «елестер қаласы», «депрессиялы қала» дейтін түсініктер әлдеқашан ескірген. Құрылыс қарқынды. Жаңа нысандар салынып, ескілер жаңғыртылып, жарамсыздары сүріп тасталуда. Қала ішінде қаңқасы ғана қаңырап тұрған 117 ғимарат болса, соның 28-і мүлдем іске алғысыз деп танылғандықтан, бұзылып, тазартылыпты. «Әйгілі» 9-шы шағын ауданның да толықтай тип-типыл етілгенін айтты қала әкімі. Демографиялық жағдай да жақсарып келеді. Тыстан көшіп келушілер қатарының көбейгені байқалады. Қызығы, қоныс аударушылардың көбі Астана қаласынан көрінеді. Оны да әкім экономикалық факторлармен түсіндіреді.

Бүгінгі кезде, Ғ.Бекмұхамедовтың айтуынша, алаң тудыратын екі мәселе бар. Алғашқысы – қаланың облыс орталығынан 460 шақырым қашықтықта жатқандығы. Сондай-ақ, елордадан да көп шалғай. Мұның да, санамалай келгенде, көп жайттарда қолбайлау болатынын айтады. Өсіресе, шағын және орта бизнестің дамуын кенжелететін тұстары бар екенін сөз етті. Екіншісі – жылу энергетикалық орталығының айналасы, мазут отынының қаттығы. Қаланы жылумен қамтамасыз ету үшін 23 мың тонна мазут қажет екен. Ал қазіргі уақытта қоймада отынның бұл түрінің, небары 1537 тоннасы ғана жатыр. Қорды молайтпауға не себеп? Мазут құны көмір бағасынан 5 есе қымбат – себептің сүйектісі осы...

Көмір болса жоспарланған межеде түсірілген, яғни 6,7 мың тонна көмір дайындалды. Қыс қытымырынан өтуге 10 қазандық, 22 автономдық жылу беру жүйесі сайлы күйде. «Сақалды» мәселе – жылу энергетикалық компаниясының жаңғыртылу-жаңғыртылмауы жайында әзірге нақтылы басы ашылып айтылған жоқ.

«Алтын қор – 2015» байқауы өтті

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Рудный қаласында Еуразиялық Топ (ERG) кәсіпорындары арасындағы «Алтын қор – 2015» кәсіби шеберлік байқауы өз мәресіне жетті.

Оған «ССКӨБ» АҚ, «Қазақстан Алюминий» АҚ, «Қазақстандық электролиз зауыты» АҚ, «Евразиялық энергетикалық корпорациясы» АҚ, «Шұбаркөлкөмір» АҚ, «Транском» ЖШС, «Қазхром ТҰҚ» АҚ-ның Ақтөбе мен Ақсудағы феррокорытпа зауыттарынан келген 40-қа тарта жұмыскер қатысып, 7 мамандық бойынша білімі мен білігін сарапқа салды.

Бірінші кезеңде қатысушы-

лар күнделікті жұмысы мен еңбек қауіпсіздігіне қатысты теориялық сұрақтарға жауап берсе, практикалық кезең ешкімге оңай соққан жоқ. Себебі, ұйымдастырушылар сайыскерлер үшін асқан кәсіби шеберлікті, ептілік пен өжеттілікті талап ететін қызықты тапсырмаларды даярлап қойған еді. Мәселен, экскаватор машинистері ожаумен су толтырылған шелекті бір жерден екінші жерге көшірсе, краншы қыз-келіншектер кран ілмегіндегі жүкпен ашық тұрған сіріңке қорабын жабу қажет болды. Дегенмен, қатысушылардың басым бөлігі бұл тапсырмаларды шеберлікпен орындап, жоғары ұпайларға ие болып жатты.

– Жұмысшы маман иелерінің бір-бірімен тәжірибе алмасып, шеберліктерін шыңдауы

үшін осындай байқаулардың берері мол. Меніңше, байқау әділ, әрі жоғары деңгейде өтуде. Байқаудың «Алтын қор» деп аталуы Еуразиялық Топтың өз жұмыскерлерін қаншалықты бағалайтынын көрсетсе керек, – дейді әділқазы алқасының төрағасы Нұрбек Олжабек.

Байқау қорытындысы бойынша «Қазхром ТҰҚ» АҚ темір ұстасы Серік Ниязғұлов, «Қазақстандық электролиз зауыты» АҚ кран машинисі Мария Шибитова, «Қазхром ТҰҚ» АҚ экскаватор машинисі Юрий Калиничев, «Қазақстан Алюминий» АҚ бульдозер машинисі Сергей Вейде, «ССКӨБ» АҚ үш бірдей жұмыскері: электр-газбен дәнекерлеуші Феликс Гавриков, электр-жөндеуші Дмитрий Туник пен ауыр жүк көлігін жүр-



гізуші Сергей Гупалов өз мамандықтары бойынша үздік атанды. Жеңімпаздар 500 мың теңге, ал жүлдегерлер 200-300

мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйлықтарға ие болды.

Рудный қаласы.

● ТКШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ



Сонымен қатар, серіктестік "Жаңа-Қала" тұрғын үй кешеніне кіреберістегі жолдардың ақауларын реттеуді міндетіне алды. Нақ осы тұрғын үй кешеніндегі баспаналардың жылу жүйесіне де толықтай жаңарту жұмыстары жүргізілді. Бұған "БК-строймонтаж" ЖШС мердігерлік компаниясы жауапты. Бөлінген 79,3 млн. теңгенің барлығы шашаусыз жұмсалып, шаруа белгіленген уақытта төмамдалды. Ал, "Казгазстроймонтаж" ЖШС-і Қостанай-2 шағын ауданындағы Жуковский-Автозауыттық-Станциялық-Достық көшелеріндегі газ желілері тартып берді. №3 мектеп ауданындағы көп қабатты тұрғын үй тобына инженерлік коммуникация жүргізу жұмыстарына бас иелік еткен "Ерлан компаниясы" ЖШС-і 5,7 млн. теңге қаржы мақсатты жұмсап, нысанды дер кезінде пайдалануға берді.

тәжірибенің дендеп еніп жатқанын аңғарамыз.

Инженерлік-коммуникациялық жүйесін тарту барысында олқылықтар да кездесті. Төп-төуір басталып, жарты жолда қалған жобалардың көбі бөлінген қаражаттың игерілмей қалуынан сынға да ұшырады. Мәселен, "Өуежай" шағын ауданындағы тұрғын үйлердің бірінің сметалық-жобалық құжаттарының уақытында өзірленбеуіне байланысты 338,9 млн. теңге игерілмей қалып, қайтадан Ұлттық қорға қайтарылған. "Жаңа-Қала" шағын ауданын электрмен жабдықтау үшін бөлінген 17 млн. 274 мың теңгені де "Вист" ЖШС мақсатты жарата алмаған.

Керісінше, кейбір тараптардың кесірінен жолы болмаған жобалар да кездеседі. "Қазақстандық ипотекалық компания" АҚ Герцен көшесіндегі үш тұрғын үйге қатысты тиісті міндетін орындамай, салдарынан инженерлік-коммуникациялық жұмыстарына бөлінген қыруар қаржы игерусіз қалған. Нақтылай айтқанда, үйлердің бірінші қабаты мен жертөлесі арқылы өтетін жылу, газ құбырла-

Жоба жалғасады

Жандос ЖҮСІПБЕК

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының сапасы халықтың тұрмыс жағдайының деңгейіне тікелей байланысты. Мұны Елбасы Н.Назарбаевтің өзі жыл сайынғы халыққа Жолдауында: "Азаматтардың өмір сапасының озық көрсеткіші – тұрғын үй жайлылығының деңгейі", – деп атап өткен болатын. Берілген нақты тапсырмалар аясында ескіні жаңғыртып, олқыны оңалту жұмыстары өңір-өңірде жыл санап қарқын ала түскен. Саланың Тобыл өңіріндегі ахуалы да ауыз толтырып айтарлықтай.

Ағымдағы жылы тұрғын үй құрылысын салу үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға мақсатты трансфермен 1 млрд. 854 млн. теңге бөлінді. Жіліктеп айтқанда, осы соманың 606,5 млн. теңгесі республикалық бюджеттен аударылса, 687,5 млн. теңге Ұлттық қордан төленген. Облыс бюджетінен бөлінген сома 559,9 млн. теңгені құрайды.

Өткен қараша айындағы бағам бойынша аталған мақсатқа құйылған қаражаттың 1 млрд. 241,8 млн. теңгесі игерілген немесе, пайызға шаққанда, бұл жылдық жоспардың 66,9%-ын құрап отыр. Жекелей тоқталсақ, Ұлттық қор қаржысының есебінен облыс орталығындағы алты нысанның кем-кетігі бүтінделді. Мәселен, Красносельский көшесіндегі 126-үйдің инженерлік-

коммуникациялық жұмыстарға 42,9 млн. теңге бөлініп, жұмыс қыркүйек айының орта шенінде ел игілігіне берілді. Текстильшиктер көшесіндегі 4-үйдің де сыртқы келбеті көз тартады. Бұған 29 млн. теңге жұмсалыпты.

Тағы да екі мекенжайда өңдеу-жаңғырту жұмыстары қараша айында аяқталды. Мәселен, 9 қарашада Қайырбеков көшесіндегі 351\1 нөмірлі жер үй (34,3 млн. теңге жұмсалды) және №3 орта мектеп маңындағы көп қабатты үйлер кешені (85,5 млн. теңге құйылды) тұрғындарды қуанышқа бөлеген еді. Ал, "Өуежай"

шағын ауданындағы "КИК" АҚ-на қарасты 9 көп қабатты тұрғын үйге су құбыры мен кәріз жүйесін тарту жұмыстарын аяқтау мерзімі осы жылдың желтоқсан айы деп белгіленіп отыр. Бұл шаруаларға 82 млн. теңге қарастырылған.

Жалпы, биыл "Сметалық-жобалау құжаттарын өзірлеуге, инженерлік-коммуникациялық жүйелерін тарту жұмыстары межеленген аудандарға (облыстық маңызы бар қалалар) бюд-



жетін дамытуға арналған мақсатты трансферлер" бағдарламасы бойынша 1 млрд. 166 млн. теңгесі – республикалық бюджеттен бөлінсе, қалған 559,9 млн. теңгесі облыстық қазынадан алынды.

Осы айдың басындағы көрсеткішке сүйенсек, қаржыландырудың 93 пайызы игерілген. Яғни, 8 нысанның инженерлік-коммуникациялық жұмыстарын жүргізу көзделген еді. Өуелі қаланың солтүстік-батыс шағын ауданындағы баспаналардың кәріз-құбыр жүйелерін жөндеу жұмыстары аяқталды. 373,2 млн. теңгеге бағаланған бұл жоба "Аяз" ЖШС-нің еншісіне тиді.



Облыс орталығынан тыс елді мекендерде де осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асты. Атап айтсақ, Лисаков қаласының 12, 14 және 24 шағын аудандарындағы кешенді су сору стансасының құрылысымен, құбыр желілерін жөндеумен "Казводтехника" ЖШС шұғылданып, 26 млн. теңге жоспарлы жұмсалды. Ал Қостанай ауданына қарасты Затобол кентіндегі "Нұрай" шағын ауданындағы көп пәтерлі жаңа үйлердің кіреберіс жолдары тегістелді.

Затобол кенті дегенде айта кету керек, осы "Нұрай" жаңа шағын ауданында бірқатар жаңа баспаналар бой көтеріп жатыр. Өткен аптада көп пәтерлі тағы бір тұрғын үй баспана кезегінде тұрған 24 адамның игілігіне берілді. Жеке тұрғын үй құрылысы аясында іргесі қаланып жатқан баспаналардың бір оңтайлылығы – газ, су, жылу есептегіш және басқарғыш қондырғыларының әр пәтердің ішіне орнатылғандығында. Мәселен, үй температурасы шамадан тыс көтеріліп кеткен жағдайда терезелерді ашып қоюға тура келетін. Ал бұл оңтайлы тетік арқылы температура межесін еркіңізше қолмен реттеп, сол арқылы үнем де сақтауға болады. Салыстырмалы түрде айтсақ, Ресейде мұндай есептегіш құралды орнатып беру бірнеше жылдан бері ақысыз жүзеге асырылады екен. Біздің елге де сол

ры, электр желілері жөнделуі тиіс болған. Бірақ, 41,1 млн. теңге бұзылмаған қалпында республикалық қазынаға кері қайтарылды. Бұл ақталуды қажет етпейді.

Бір сөзбен айтсақ, осы сала бойынша үстіміздегі жылы облыста атқарылуы тиіс болған жұмыстардың түгелге жуығы жемісті жүзеге асты деп айтуға болады. Нысанаға алынған міндеттердің басым бөлігі еңсерілгені көңілге медеу. Өйткені, мемлекет тарапынан тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына жасалған екпін жылдан-жылға еселене түсуде. Мәселен, биыл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытуға, тұтас ел бойынша, 60 млрд. теңге бөлінген-ді. Енді келесі жылы бұл көрсеткіш 90 млрд. теңгеге жетіп, одан кейінгі жылдары 100 млрд. теңгеге дейін ұлғаймақ. Жоспар бойынша, 2020 жылға дейін өнеркәсіп өндірісі мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандарында пайдаланылатын энергия көлемін 25 пайызға дейін азайту көзделіп отыр.

СУРЕТТЕРДЕ: Урицкий көшесіндегі қайта жөнделген №9 үй; зейнеткер Алтынай Баймаханова құрылыс сапасына риза; құрылысшылар өз жұмыстарына немқұрайлы қарамайды.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



● ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – 2020

Шағын несие алып, шаруасын дөңгелетті

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

"Жұмыспен қамту – 2020" бағдарламасы кәсіптің нәсібін көрем деген азаматтарға үлкен демеу беріп келеді. Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және табысы аз адамдарды оқыту және олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу жолында атқарылған істер көп. Ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу жолында берері мол бағдарлама. Бұл үшін кәсіпкерлерге шағын несие беріледі, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға көмек көрсетіледі. Кәсіпкерлік негіздері оқытылады. Мұның бәрі ауыл кәсіпкерлері үшін мемлекет тарапынан жасалып отырған зор мүмкіндік. Бағдарламаның тағы бір бағыты – еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру. Бұл үшін мемлекет тұрғындарды экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден экономикалық даму орталықтарына өз еркімен көшуіне жәрдемдеседі. Ал төртіншісі, әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру.

Міне, осылайша мемлекеттің қамқорлығын тиімді пайдалана отырып, шаруаны өрге домалатудың зор мүмкіндігі туып отыр. "Жұмыспен қамту – 2020" бағдарламасының екінші бағыты кәсіп ашып, күнкөрісін жақсартамын дегендерді демеп, қаржылай қолдауды көздейді.

Мәселен, бағдарламаның екінші бағыты бойынша Таран ауданында 2013 жылы 37 адамға жалпы сомасы 67 млн. 150 мың теңге несие берілген. Ал, 2014 жылы 40 адамға 87 млн. 100 мың теңгеге шағын несие берілді.

– Шындығын айту керек, бағдарламаның екінші бағыты халық арасында көбірек қызығушылық тудырып отыр. Өйткені өз алды-

на кәсіп ашып, сол істі дамытамын дейтіндер аз емес. Мал шаруашылығын дамытамын деген 28 адам 58,75 млн. теңге несиені рәсімдеген. Сонымен қатар құс өсіремін, омарта ұстап бал аламын дейтіндер де көп, – дейді Таран ауданының жұмыспен қамту орталығының директоры Азамат Сағитов.

"Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" бағдарламасының екінші бағыты бойынша бағын сынаған жанның бірі – Бақыт



Жетпісов. Бақыт Красносельское ауылында тұрады. Ол былтырғы жылы аудандық жұмыспен қамту орталығына барып, кеңес алған.

– Ойлана келе шағын несие алуды қолға алмақ болып жұмыспен қамту орталығына бардым. Қандай іспен болмасын айналысу үшін жақсы маманның кеңесі керек екені белгілі. Ойым жүзеге асама, жоқ па деген күдік те болды. Шағын несие алу үшін орталықтың бағыты бойынша кәсіпкерлік негіздері курсын оқып шықтым. Шынымды айтсам, көп көмегі тиді. Кәсіппен айналысу үшін біліктілік қажет, – дейді Бақыт.

Бақыт ойлана келе несиені ұңғыма қазуға бағыттамақ болып шешті. Өзі де осы саладан хабары бар. Бір жылдай ұңғыма қазып, өзге адамда жұмыс істеген болатын. Бұл істің қаншалықты тиімді екенін жақсы біледі. Былтырғы жылы ұңғыма қазу үшін 2 млн. теңге шағын несие алды. Бұл қаражатқа керекті аппаратуралар алынды. Енді Бақыт тапсырыс бойынша ұңғыма қазып, құбырлар орнатып береді. Бұл жас жігітке жақсы табыс көзі болды.

Таран ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: жас кәсіпкер Бақыт Жетпісов және ауданның жұмыспен қамту орталығының директоры Азамат Сағитов.

● ЕҢБЕК БИРЖАСЫ

Кириллдің кәсібі – кілт жасау

Қымбат
ДОСЖАНОВА

"Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" мемлекеттік бағдарламасы азаматтардың кәсіпкерлікпен айналысуына мүмкіндік беріп отырғаны шындық. Бағдарлама арқылы несие алып, жаңа жұмыс орындарын ашып жатқан адамдар қаншама. Ондай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Жуырда Меңдіқара ауданына іссапармен барғанымызда, жеке бизнесін бастаған жастармен кездестік. Солардың бірі – Кирилл Кузнецов.

Кирилл – Меңдіқара ауданының төл тумасы. Аталған жерде туып өсті. Мектепті де сонда бітірді. Жоғары білім алу үшін, қалаға барып оқыды. Қаланың тірлігі ауылдағыдан басқаша. Жоғары білімнің болса да, мамандығын бойынша жұмыс табуың қиын. Сондықтан, Кирилл туған жерге қайта оралып, кәсіп ашуды қолға алады.

– Бір жыл бұрын ауылға қайтадан көшіп келдім. Жұмыссыз бос жүруге болмайды. Жанбағу керек. Осылайша, бір істі бастауға бел байлады. Қалада кілттің көшірмесін жасайтын шеберханалардың бизнесі қызып тұр. Ал ауыл-аймақтың тұрғындары үшін мұндай кәсіп таңсық. Сондықтан ауданда бірінші болып кілт жасайтын шеберхана ашуға кірісіп кеттім, – дейді Кирилл Кузнецов.

Ол шағын бизнесін былтырғы жылдың тамыз айында бастады. "Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" бағдарламасының екінші бағыты бойынша несие алды. Үкіметтің берген қаржысына шеберханаға қажетті құрал-жабдықтар сатып алды. Кілт жасауға арналған станоктар мен өзге де құрылғыларды интернет арқылы тауып алып, тапсырыс берген. Ал,

шеберхана аудан орталығындағы "Светофор" деп аталатын көлік саймандарын сататын дүкеннің бір бөлмесінде орналасқан.

Қазіргі уақытта Кириллдің кәсібі жүріп тұр. Ауданның тұрғындары кілт жасату үшін бұрынғыдай қалаға сабылмайды. Ал, Кирилл болса бұл бизнесін одан әрі кеңейтуді қалайды.

"Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" бағдарламасы бойынша Меңдіқара ауданында биыл 373 адам жұмыспен қамтылды. Яғни, жоспар 100,2 %-ға орындалған. Әсіресе, екінші бағыты бойынша 2012-2015 жылдар аралығында жеке бизнес ашуға және кәсіпкерлікті дамытуға 117 шағын несие берілген. Аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Қайрат Рахметқалиевтің айтуынша, несие алушылардың басым көпшілігі мал шаруашылығы саласын дамытуды қалайды.



– Ауыл халқының негізгі күнкөріс көзі – мал шаруашылығы. Сондықтан шағын несие алған азаматтардың дені асыл тұқымды малдың санын көбейткісі келеді. Бір қуантарлығы, бизнес бастағысы келетін жастардың белсенділігі артауда. Жұмыс істеуге талпыныстары бар адамдарды қолдауға әрқашан дайынбыз, – дейді Меңдіқара аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Қайрат Рахметқалиев.

Бизнесін дамыту үшін несие алған адамдардың арасында жастармен қатар егде жастағы азаматтар да бар. Мәселен, меңдіқаралық Ділдәбек Нұрпейісов. Ол "КамАЗ" көлігімен қалаға барып, табыс тауып жүрген болатын. Биыл мемлекеттік бағдарлама бойынша шағын несие алды. Берілген қаржыға жүк көлігіне тіркеме сатып алуды жоспарлап отыр.

Аталған ауданда Кирилл Кузнецов, Ділдәбек Нұрпейісов сияқты кәсіп ашып немесе бизнесін кеңейтіп жатқан адамдар жетерлік. Бағдарламаның дәл осы екінші бағытына бойынша шағын несие алуға биыл 23 адам өтініш берген. Соның ішінде 19 өтініш мал шаруашылығын дамытуға бағытталған. Ал үшінші бағыт бойынша жыл басынан бері 14 адам кәсібі қайта даярлау курсынан өтіп, екі адам техник-құрылысшы мамандығы бойынша оқып келді. Білімдерін жетілдірген он алты адамның бәрі жұмысқа орналасты.

СУРЕТТЕРДЕ: шебер жігіт Кирилл Кузнецов; көлік жүргізуші Ділдәбек Нұрпейісов.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



● ӨМІРДІҢ ӨКСІГІ – ЕСІРТКІ

Қылмыстық топ құрықталды

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Қостанай облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына есірткі бизнесіне қатысты тағы бір қылмыстық іс келіп түсті.

Осы іске қатысы бар 1972 жылы туған Қайрат Садуақасов (бұрын сотталған) ірі көлемдегі есірткі заттарын заңсыз сақтау, сату, сондай-ақ, осы іске қатысты қылмыстық топтың жетекшісі ретінде айыпталуда. Ол басқарған қылмыстық топтың құрамында болған Сергей Кулешов (1984 жылы туған, бұрын сотталған), Маргарита Мурзатаева (1964 ж.т. бұрын сотталмаған), Владимир Мойсеев (1977 ж.т. бұрын сотталмаған), Нұрлан Дубиров (1979 ж.т. бұрын істі болмаған), Темірлан Мұхажанов (1971 ж.т., бұрын сотталмаған) болған.

Іс материалдарына жүгінсек, Қайрат Садуақасов жоспарлы түрде жоғарыда аты аталған адамдардан құралған қылмыстық топты құрып, 2013-2015 жылдар аралығында Жамбыл, Қостанай облыстарының аумағында ірі көлемдегі кептірілген



марихуана мен гашиш сатып, есірткі саудасынан қыруар пайда тауып отырған.

Тергеу барысында полицейлер қылмыстық топтың фигуранттары қатаң иерархияны ұстанғанын және кімнің қандай жұмысты атқаратыны бойынша рөлдерді бөліп бергенін анықтады. Мәселен, топ құрамындағы Дубиров картон жәшіктерге салынған ірі көлемдегі марихуаналарды кәдімгі жүк ретінде автокөліктерге ақысын төлеп, Қостанай өңіріне ғана емес, Жамбыл облысының Шу қаласына да жіберіп отырған. Ал, Кулешов пен Мойсеев бұл жіберілген “жүктерді” қабылдап алып,

оны пәтерлерге, гараждарға, сақтап, тиісті жерлерге таратып отырған. Топ мүшесі Маргарита Мурзатаева да Садуақасовтың айтуымен осы тектес жұмыстарды атқарған.

Алдын-ала әзірленген жедел-тергеу іс-қимыл жоспары бойынша есірткі бизнесіне қарсы, ұйымдасқан қылмысқа қарсы және тергеу қызметкерлерінің бірлесе жүргізген жедел операциясы барысында қылмыстық топ құрықталды. Қазір осы фактілерге қатысты қылмыстық істер қозғалып, есірткі таратушы қылмыстық топ басшысы мен оның мүшелері де қамауға алынды. Қазір тергеу жұмыстары жалғасуда.

Кеселдің жолы кесіледі

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Үстіміздегі жылы мамандандырылған прокурорлардың басшылығымен жедел-тергеу тобы 6 адамнан құрылған қылмыстық топты құрықтап, қылмыстық істі сотқа жолдады. Қазақстан Республикасы аумағында заңсыз есірткі тасумен айналысып, бірқатар ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған. Бұл туралы облыстық прокуратурада өткен брифингте облыстық прокуратураның 2-басқарма бастығы Азамат Құрманов айтып берді.

– Жыл басынан бері заңсыз айналымнан 26 980 грамм есірткі заты тәркіленіп алынды. Сондай-ақ есірткімен күрес жүргізуде әлемнің басқа елдерінің тәжірибелері қолданылуда. Мәселен, қыркүйек айында прокуратура қызметкерлерінің қатысуымен АҚШ-тың Қазақстандағы елшісімен бірлесіп, «Виртуальды валюта және есірткі қылмысына электронды ақшаны қолдану» тақырыбында семинар өтті, – дейді Азамат Құрманов.

Жалпы елімізде 2012-2016 жылдарға арналған есірткі бизнесі және нашақорлықпен күрес бағдарламасы жүзеге асуда. Осы бағдарлама аясында нашақорлыққа байланысты қылмыстардың алдын алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазіргі күні есірткі тұтынушылардың саны азайыпты. Оларды қоғамға бейімдеу, жұмысқа тұрғызу мәселелері де оңтайлы шешімін тапқан. Қазір облыстық прокуратура өкілдері құқық қорғау қызметкерлерімен бірлесіп, есірткі бизнесімен айналысатын ұйымдасқан қылмыстық топтармен күрес жүргізуде.

70 сағатқа қоғамдық жұмысқа тартылды

Облыстық соттың баспасөз қызметі мәлімдегендей, Қарабалық аудандық сотының үкімімен қылмыстық теріс қылық жасаған 18 жастағы жігітке 70 сағаттық қоғамдық жұмысқа тарту жазасы тағайындалды.

Іс материалдары бойынша, ағымдағы жылдың 8 қыркүйегінде сағат 11.30 шамасында азамат Е. Қарабалық ауылындағы Тоғызқаз өзенінің шомылуға арналған бөлігінде киім ауыстыру кабинкасында медициналық мақсатсыз сора (конапля) түріндегі есірткі затын пайдаланған. Шыны түтікшемен өсімдікті шеккен.

Азамат Е. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 296 бабының 1 бөлімімен қарастырылған теріс қылықты жасауда айыпты деп танылды.

Жазаның орындалуын бақылау сотталушының тұрғылықты жері бойынша пробационалдық бақылау қызметіне жүктеледі.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Есірткі тұтынушы істі болды

ОПД есірткі бизнесіне қарсы күрес күрес басқармасының мәліметіне қарағанда, «Посылка» операциясы барысында Рудный қаласында 27 жастағы жүргізуші есірткі екпесімен ұсталды. Сараптама есірткінің героин екенін көрсетіп берді.

Ұсталған жігіт Рудный қаласында тұрады, еш жерде жұмыс істемейді, есірткі тұтынады. Есірткі затын заңсыз сақтағаны үшін оған қатысты ҚР Қылмыстық Кодексінің 296-3 бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Ал Қостанай қаласында сауда орталығының бірінде полицейлер 29 жастағы азаматты ұстап тінтен кезде, оның қалтасынан 13 грамм марихуана табылды. Ол есірткіні тұтыну үшін сатып алғанын айтып ақталды. Күдіктіге қатысты қылмыстық іс қозғалды.

Қостанай қаласында полицейлер героиннің ірі партиясын тәркіледі. 46 жастағы күдікті «Ауди» машинасының ішінде 37 грамм героинді жасырған. Ол да есірткіні өзі тұтыну үшін сақтағанын айтты. Тергеу іс-шаралары жүргізілуде.

Есірткіні шамадан тыс тұтыну өмірге қауіпті екені белгілі. Қостанайда Жауынгер-интернационалистер көшесіндегі бір үйдің кіреберісінен ес-түссіз жатқан ер адам ауруханаға жеткізілді. 39 жастағы жұмыссыз есірткінің құрбаны бола жаздады. ОПД есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы қызметкерлерінің айтуынша, есірткі тұтыну да заңмен қудаланады. Сол себепті есірткі тұтынушыға қатысты ҚР Қылмыстық Кодексінің 296-1 бабы бойынша материал жинақталды. Осындай жағдай облыс орталығының 4 шағын ауданындағы бір үйде қайталанып, дәрігерлер есірткіні шамадан артық тұтынған 45 жастағы ер адамның өмірін сақтап қалды.

● САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Жақсыдан үйрен, темекіден жирен

Ел ертеңі болар оқушы балаларымыздың денсаулығы қай-қайсысымызды болмасын ойлантары сөзсіз. Сондықтан да мектебімізде салауатты өмір салтын насихаттау, жаман әдеттерден сақтандыру мақсатында «Темекі – адам денсаулығына қауіпті» атты тақырыппен тағылымы мол іс-шара болып өтті. Осы шаралардың мақсаты – оқушылардың бойында зиянды әдеттерге, атап айтқанда, алкоголь ішімдіктеріне, нашақорлыққа, темекі тартуға деген жиіркенішті ұғым қалыптастыру, жаман әдеттен сақтандыру. Бастауыш, орта буын оқушылары арасында сурет көрмесі ұйымдастырылса, 9-11 сынып оқушыларымен кездесу болды. Әр сыныпта ашық сабақтар өтті.



Балаларға темекіні тартпау адамның мықты ниетіне, ерік-күшіне, сабыр-төзіміне көп байланысты екені ұғындырылды. Оқушылардың тарапынан ішімдік пен темекінің зияндылығы туралы баяндамалар жасады. Бейнероликтер көрсетілді.

Белсенді оқушылар аталып өтті.

Шынар НҰРТАЗИНА,
Шолақсай орта мектебінің медбикесі.
Науырзым ауданы.

СУРЕТТЕ: белсенді оқушылардың бір тобы.

```

graph LR
    Start((Сұрау салу)) -.-> P1[1 процесс]
    P1 --> P2[2 процесс]
    P2 --> P3[3 процесс]
    P3 --> P4[4 процесс]
    P4 --> P5[5 процесс]
    P5 --> P6[6 процесс]
    P6 --> P7[7 процесс]
    P7 --> C1{1 шарт}
    P7 --> C2{2 шарт}
    C1 --> End1((Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі))
    C2 --> End2((Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі))
    End1 -.-> Restart((Бастарту))
    End2 -.-> Restart
  
```


(Окончание постановления №456. Начало в предыдущем номере газеты).

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

6. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги:

- 1) сотрудник канцелярии услугодателя;
- 2) руководитель услугодателя;
- 3) ответственный исполнитель услугодателя.

7. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действия):

1) сотрудник канцелярии услугодателя осуществляет прием пакета документов, его регистрацию, передает пакет документов руководителю услугодателя для наложения визы, 5 (пять) минут.

2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя, налагает соответствующую визу, 5 (пять) минут.

3) ответственный исполнитель услугодателя изучает пакет документов услугополучателя, подготавливает проект результата оказания государственной услуги:

- при выдаче лицензии и (или) приложения к лицензии – 15 (пятнадцать) рабочих дней;
- при переоформлении лицензии и (или) приложения к лицензии – 3 (три) рабочих дня;
- при выдаче дубликата лицензии и (или) приложения к лицензии в случае утери или порчи, выданных в бумажной форме – 2 (два) рабочих дня.

В случае установления факта неполноты представленных документов услугодатель в течении двух рабочих дней дает письменный мотивированный ответ о прекращении рассмотрения заявления.

